

Хаттама № 1

2021 жыл тамыздың 27ші жұлдызы күні «Қос-қорған» жалпы орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің жиналысы болып өтті . Бұл отырысқа бірлестіктің барлық мұғалімі толық қатысты.

Көрілген мәселелер:

1. Бірлестік жетекшісі , хатшысын сайлау
2. Апталық жүктеме
3. Әдістемелік нұсқаулықты талдау
4. БЖБ .ТЖБ кестесі

Бірінші мәселе :

Жаңа оқу жылына бірлестік жетекшісі болып қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі У.Нарметова , хатшысы болып М.Егембердиева мұғалімдердің ұсынысымен сайланды.

Екінші мәселе :

Апталық жүктеме төмендегідей болып бөлінді:

Х.Абдукаримов – 10а-5бф-7а,бф-8а,бф-сыныптарда 8 сағат
Ш.Жаппаров – 8а-9а-11а,б-сыныптарда 17сағат
М.Нурметова – 4б-5б-6а-8б-9б -сыныптарда 17 сағат
У.Абдумуратова – 1б-3б-5а-5б-6б– сыныптарда 16 сағат
У.Нарметова – 2б-6б-7б-7а-8б- сыныптарда 16 сағат
М.Егембердиева – 3б-4б-7б-9б-10б- сыныптарда 16 сағат
Ю.Жунашова – 1б-2б- сыныптарда 4 сағат

Үшінші мәселе :

Әдістемелік нұсқаулық бірлестік отырысында талқыланды. 11 – сыныптар № 205 . 1-10 сыныптардағы сағаттар № 405 бұйрықпен бөлінді.

Жиналыс қаулы етеді :

1. Бірлестік жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі У.Нарметова сайлансын.
2. Бірлестік хатшысы етіп қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалимасы М.Егембердиева сайлансын.
3. Апталық жүктеме әдістемелік нұсқаулықта белгіленген бойынша бекітілсін .

Жиналыс төрайымы :

Хатшысы :



У.Нарметова

М.Егембердиева

Хаттама № 2

2021 жыл қыркүйектің 4ші жұлдызы күні «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің жиналысы болып өтті . Бұл отырысқа бірлестіктің барлық мүғалімі толық қатысты.

Көрілген мәселелер:

Жаңартылған бағдарлама бойынша жалпы мәлімет беру

1. Факультатив сабақтар туралы
2. «22 қыркүйек - Қазақстан Республикасының тілдері күні» мерекесін өткізу

Бірінші мәселе :

Бірлестік жетекшісі – У.Нарметова бірінші мәселе бойынша мүғалімдерге жаңартылған бағдарламаның негізгі мақсаты мен міндеттері және бағдарламаны іске асыру тетіктері және бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер туралы айтып, алдағы жұмыстар туралы бір қатар түсінік беріп өтті .Екіншісі болып өз пікірін айтқан - қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мүғалімі , білікті педагог - Х.Абдукаримов бұл бағдарлама туралы, «Тілдік дамудың бағыттары» , бағдарламаның пайдалы тараптары туралы өз пікірін айтып,қазіргі таңда білім саласында өте қажет бағдарлама екендігін айтты. Бірлестік мүғалімдері арасында қай сыныптар қай бұйрықтың негізінде жаңарт ылған бағдарлама бойынша оқиды және 11-сынып бұрынғы бағдарлама бойынша оқитыны жайлы талқыланды, бұл бағдарлама бойынша сабақтар өтілсін деген ұсыныс түсті, мүғалімдер толық қолдау көрсетіп , бір дауыспен қабылдады

Екінші мәселе :Оқу бағдарламасы бойынша берілген факультативтер мүғалімдерге берілді


Үшінші мәселе :

«22-қыркүйек» Қазақстан Республикасының тілдері күні» мерекесін және Тіл пәндері бойынша айлық өткізу туралы мерекелік іс-шарамен таныстырып , әр бір мүғалімнің мідеттері белгіленді.Мереке басқа тіл бірлестіктеріне қоса мектеп бойынша барлық тілдер қамтылып , Мемлекеттік тіл - қазақ тілі басшылығында өткізілуі керек деген ұсыныс түсті , бұл ұсыныс бір дауыспен қабылданды .Осы мерекеге қоса

5 қыркүйекпен 23 қыркүйек аралығында пән апталығын өткізу және бұл апталықта атқарылатын жұмыстар туралы түсінік берілді , мүғалімдер бірігіп апталықты өз деңгейінде өткізу келісілді.

Жиналыс қаулы етеді :

1. Жаңартылған бағдарлама бойынша сабақ үлгілерін көрсету курстан өткен мүғалімдерге жүктетілсін .
2. «22 қыркүйек - Қазақстан Республикасының тілдері күні» мерекесі және қазақ тілі мен әдебиеті пән апталығы өткізілсін.

Жиналыс төрағасы :  У.Нарметова
Хатшысы :  М.Егамбердиева

Хаттама № 3

2022 жыл қаңтардың 10шы жұлдызында «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде Тіл пәндері кафедрасының жиналысы болып өтті. Бұл отырысқа барлық тіл пәндері бірлестігінің мұғалімдері толық қатысты.

Көрілген мәселелер:

1. II тоқсан қорытындысы бойынша бірлестік жетекшісінің есебі;
2. Оқушылармен қосымша жұмыс жүргізу(ҰБТ, олимпиадаға дайындау);
3. Қаңтар пед.оқуы және оқушылар арасындағы пәндік олимпиада туралы
4. III тоқсанда орындалуы керек болған іс-шаралар

Бірінші мәселе :

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің бірлестік жетекшісі – У.Нарметова 2021-22 оқу жылының II тоқсанында атқарылған жұмыстар туралы есебін оқып таныстырды. Бірлестіктің жұмыстарын барлық мұғалімдер қолдан, мектептегі өткізілетін іс-шаралардың барлығы жоспар бойынша, жаңартылған білім беру мазмұны негізінде жүргізілуі қажет екендігі айтылды.

Екінші мәселе :

Екінші мәселе бойынша, оқушылармен қосымша сабақ өткізу бойынша II-сыныпқа сабақ беретін Ш.Жаппаров алдыңғы тоқсандарда жүргізген жоспар бойынша ҰБТ ға дайындау жұмыстарын оқу сауаттылығы бойынша, ал қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен У.Абдумуратова мен Х.Абдукаримовтар жүргізіп келеді, сол жұмыстар алдағы уақытта да жүргізілсе кен деген ұсыныс айтылды.

Үшінші мәселе :

Қаңтар пед.оқуы және оқушылар арасындағы пәндік олимпиада туралы әдістемелік бірлестік жетекшісі У.Нарметова қалалық пед.оқуға М.Егембердиева ұсынылғанын, ал пән олимпиадасы бойынша 9-10-11-сыныптардан мектепшілік олимпиада өткізіліп, жеңімпаз оқушылар ұсынылғаны туралы айтылды.

Төртінші мәселе :

III тоқсанда орындалуы керек болған іс-шаралар жоспар бойынша жүргізілсе екен деген ұсыныс айтылды.

Жиналыс қаулы етеді :

1. II тоқсан қорытындысы бойынша бірлестік жетекшісінің есебі қанағаттанрлық деп есептелінсін;
2. Оқушылармен қосымша жұмыс жүргізу(ҰБТ, олимпиадаға дайындау) қолға алынсын;
3. Қаңтар пед.оқуы және оқушылар арасындағы пәндік олимпиада кезінде толық қатыстырылсын;
4. III тоқсанда орындалуы керек болған іс-шаралар жоспар бойынша жүргілісін

Жиналыс төрайымы : *Handwritten signature* У.Нарметова

Хатшысы : *Handwritten signature* М.Егембердиева

Хаттама № 4

2022 жыл наурыздың 28ші жұлдызы күні «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің жиналысы болып өтті. Бұл отырысқа барлық мұғалімдер толық қатысты.

Көрілген мәселелер:

1. III тоқсан қорытындысы бойынша есеп
2. Алдағы уақытта өткізілетін пән апталығын жоспарлау
3. Әртүрлі мәселелер

Бірінші мәселе :

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің бірлестік жетекшісі – У.Нарметова

2021-22 оқу жылының III тоқсанында атқарылған жұмыстар туралы есебін оқып таныстырды. Бірлестіктің жұмыстарын барлық мұғалімдер қолдап, мектептегі алып барылатын іс-шаралардың барлығы жоспар бойынша, жаңартылған білім беру мазмұны негізінде жүргізілуі қажет екендігі айтылды.

Екінші мәселе :



Алдағы уақытта орындалуы қажет болған жұмыстар туралы Х.Абдукаримов төмендегідей сөз айтты. Алдағы уақытта пән апталығына орындалатын жұмыстарды мұғалімдер ортада бірігіп, талапқа сай орындауға жұмылуы қажет екендігін айтты, барлық мұғалімдер бұл пікірмен толық келісетіндіктерін білдірді.

Үшінші мәселе :

Әртүрлі мәселер бойынша, Ш.Жаппаров сөз кезегін алып, мектепте пән кабинетін көрнекіліктермен толықтыру және «Абай» бұрышын жасау керектігін айтты. Барлық мұғалімдер қолдау көрсетті.

Жиналыс қаулы етеді :

1. III тоқсан қорытындысы бойынша есеп, қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. Алдағы уақытта пән апталығында орындалатын жұмыстарды жоспар бойынша, бірлестік мұғалімдерінің жауапкершілігінде жүргізілсін
3. «Абай» бұрышы белгіленген уақытта, айтылған орынға жасалынсын.

Жиналыс төрағасы :  У.Нарметова
Хатшысы :  М.Егамбердиева